

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 1994-1996 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1994 жылғы 10 маусым N 1727. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлікті қолдау және дамыту және дамыту жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы" 1994 жылғы 13 сәуірдегі N 1655 Жарлығына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасында Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 1994-1996 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілсін /қоса беріліп отыр/

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

- Қазақстан Республикасында Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 1994-1996 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдайтын болсын;

- екі апта мерзімде Бағдарламаны жүзеге асырудың тапсырмалары мен іс-шараларының жоспарын әзірлеп бекітсін;

- жыл сайын қажет болған жағдайда Бағдарламаны жүзеге асырудың тапсырмалары мен іс-шараларына дәлдеу енгізіп отырсын.

3. Облыстардың Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері Қазақстан Республикасында Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 1994-1996 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың республика аймақтарының өркендеуінің ерекшеліктері мен өзгешеліктерін бейнелейтін нақтылы шараларын белгілесін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан

Республикасы

Министрлер

Кабинетінің

1994

жылғы

10

маусымдағы

N

1727

қаулысымен

бекітілген

Қазақстан

Республикасында

Кәсіпкерлікті

мемлекеттік

қолдау

мен

дамытудың

1994-1996

жылдарға

арналған

БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы, 1994 жыл

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 1992-1994 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуына негіз қалады.

Сонымен қатар кәсіпкерліктің, ең алдымен, жеке кәсіпкерліктің дамуына толымды да тұрлаулы заңдардың, соған сай салық саясатының жоқтығынан, инвестиция мен кредит, өндірістік ғимараттар, шикізат ресурстарын, ақпарат және басқаларын алудағы қиыншылықтардан, яғни кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың дәйекті тетігінің болмауынан тежеліп келеді.

Мұнымен бірге өндірістің едәуір дәрежеде құлдырауымен, жекешелендіру процесінің жеделдеуімен, бірқатар кәсіпорындардың банкротқа ұшырауымен, беймәлім жұмыссыздықпен сипатталатын экономикада қалыптасқан қазіргі ахуал мемлекеттен кәсіпкерлерге қажетті жағдайлар туғызу жолындағы іс-қимылды жандандыра түсуді, жеке кәсіпкерлікті қолдау жөнінде нақтылы кешенді шаралар қолдануды талап етеді.

Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың ұсынылып отырған Бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы" 1994 жылғы 13 сәуірдегі N 1655 Жарлығына сәйкес әзірленген және республикадағы экономикалық реформалардың берік әлеуметтік базасы жасалуын қамтамасыз ете отырып, сол арқылы кәсіпкерлер топтарын белсене жасақтауға қажетті жағдайлар туғызуға бағытталған.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның басты мақсаты экономикалық қуатты жеке секторын, жеке кәсіпкерліктің /әсіресе шағын кәсіпкерліктің/ жетік инфрақұрылымын қалыптастыруға қолайлы құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, қаржы және ұйымдық жағдайлар жасау болып табылады. Республика экономикасында шынайы бәсеке ортасының пайда болуы жеке кәсіпкерліктің кемінде 150 мың субъектісін жасақтауды талап етеді.

Басты мақсатқа жету үшін:

- жеке меншікке қол сұғылмауын және оның қорғалуын қамтамасыз ететін, әрі тауар өндірушілерді ынталандырып отыратын кәсіпкерліктің тұрақты заң базасын жасау;

- жеке сектордың мемлекеттің кредит ресурстарын /оның ішінде валюта ресурстарын/, пайдаланылмай жатқан өндірістік ғимараттарды, жабдықтарды және басқаларын алуын қамтамасыз ететін тетіктер жасау;

- нарықтық инфрақұрылымның тиімді институттарын құрып, дамыту;

- сыртқы-экономикалық қызметке қолдау көрсетілуін қамтамасыз ету және кәсіпкерлікті дамытуға шетел /жекелерін қоса/ инвестицияларын тартуға қолайлы жағдайлар туғызу;

- мемлекеттік және мемлекеттік емес оқу мекемелерінің қатысуымен кәсіпкер кадрларды даярлау мен қайта даярлау және жұмыссыздарын қайта мамандандыру жүйесін құру;

- кәсіпкерлікті қолдайтын мемлекеттік органдарды жетілдіре беру мүмкіндіктерін шешу көзделеді.

Осы міндеттерді шешу 1996 жылдың аяғына таман жеке кәсіпкерлердің " шекті мөлшерін" жасақтауға және олардың ауыл шаруашылығы өнімдерін шығарудың кемінде 70 процентін өнеркәсіп өндірісінің 40 процентін, қызмет көрсету мен сауда тауар айналымы көлемінің 90 процентін қамтамасыз етуіне жеткізуге тиіс.

Жеке кәсіпкерлікті дамытуда Бағдарлама қызметтің басым бағыттары ретінде :

а/ ауыл шаруашылығында :

- ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, ұқсату мен сақтау, оның ішінде әсіресе селода өнеркәсіп инфрақұрылымын жасай отырып, ұқсату өндірісі желісін дамыту;

- жаңа технологиялар негізінде өндірістің дәстүрлі түрлерін ескере отырып, фермер шаруашылығын құру мен дамыту;

ә/ азық-түлік, өнеркәсіп тауарларын, халық тұтынатын тауарларды, дәрі-дәрмек препараттары мен медицина техникасын өндіру;

б/ экспортқа шығаруға бағдарланған, импортты алмастыратын әрі бәсекеге жарамды өнімдер өндіру;

в/ инновациялық қызметте :

- ғылыми қамтымды өндіріс ұйымдастыру мен дамыту;

- шағын инновациялық кәсіпорындар, аймақтық инновация мен технологиялық көмек орталықтарын, инновациялық бизнес-орталықтарын құру;

- бизнес-орталықтарын, білім беру орталықтарын, зерттеу мен технология парктерін құру;

- ресурстар сақтайтын технологияны, қайталама шикізат пен қалдықтарды пайдаланатын технологияларды енгізу;

г/ көлікті, байланысты, құрылысты, құрылыс материалдары өндірісін дамыту;

д/ өндірістік коммуналдық және тұрмыстық қызмет көрсету бағыттарын белгілейді.

Жергілікті әкімдер аймақтың ерекшелігі мен ресурстарын ескере отырып, кәсіпкерліктің басқа да басым бағыттарын аймақтық деңгейде анықтай алады.

1 бөлім. Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың заңдық-нормативті базасы

Бағдарлама :

- азаматтық, азаматтық іс жүргізу және басқа кодекстерді нақтылау жолымен Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген Заңдарына жеке меншікке қол сұқпауды және оның қорғалуын, кәсіпкерліктің еркіндігін қамтамасыз ететін өзгерістер мен толықтырулар енгізуді;

- кәсіпкерлік құрылымдар мен халықаралық сарапшылардың қатысуымен 1996 жылға дейін халықаралық стандартқа сай келетін тұрлаулы заңдар түзу мақсатында кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі жаңа заңдардың Қазақстан Республикасы Президенті актілерінің жобаларын әзірлеуді;

- жерге жеке меншіктің құқықтық негіздерін жасау туралы ұсыныстар әзірлеуді және жеке меншікке қол сұғуға болмайтынын пайымдайтын қоғамдық пікір дайылдауды;

- Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлікті қорғау мен қолдауды қамтамасыз ететін халықаралық келісімдер мен конвенцияларға қосылуы жөнінде ұсыныстар әзірлеуді көздейді.

2-бөлім. Кәсіпкерлікті қаржымен және өндірістік-технологиялық жағынан қолдауды қамтамасыз ету

Бағдарламада :

- Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің жобасына салық жүйесін оңайлатуды, кәсіпкерлердің инвестициялық белсенділігін ынталандыруды көздейтін ұсыныстар дайындау;

- жеке кәсіпкерлікті дамытуға жұмсау үшін отандық және шетелдік кредит ресурстарында квоталар анықтау;

Бұл ретте техникалық көмек шеңберінде халықаралық сарапшылардың қатысуымен Бағдарламаның басым бағыттары бойынша жобаларды алдын ала жан-жақты сараптаудан өткізу жүйесін ұйымдастыру және кредит ресурстарын бөлу кезінде жариялылықты қамтамасыз ету қажет;

- ішкі мемлекеттік қорламаны, шетелдік мемлекеттік және жеке кредит желілерін, тікелей инвестицияларды қоса кәсіпкерлікті орта және ұзақ мерзім ішінде қаржыландырудың ықтимал көздеріне нақтылы бөле отырып, оның дамуын қамтамасыз етуге қажетті инвестициялар көлемін анықтау;

- ақша қаражатын коммерциялық банктерге қарағанда неғұрлым пайдалы шарттармен беруді қамтамасыз ететін мамандандырылған мемлекеттік қаржы институттарын жетілдіре беру;

- кредиттер үшін, оның ішінде жеке шетел инвестицияларын тарту кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін сақтандыру үшін кепілдік беру жүйесін қалыптастыру жолымен кәсіпкерлікті қаржылай қолдау жүйесін жетілдіру

к ө з д е л е д і .

Жеке кәсіпкерлікті өндірістік-технологиялық жағынан қолдауды жүзеге а с ы р у ү ш і н :

- бос өндірістік ғимараттардың, пайдаланылмай жатқан жабдықтардың және басқаларының жалпы санының кемінде 10 процентін, соңынан оларды сатып алатындай мүмкіндік беру арқылы мүліктік жалға беру;

- қорғаныс өнеркәсібін конверсиялау шеңберінде шағын кәсіпорындарға арналған технологиялық жабдықтар өндірісін жолға қою;

- шағын кәсіпорындарды осы заманғы технологиямен және жабдықтармен орталықтандырып қамтамасыз ету үшін лизинг компанияларының желісін ұ й ы м д а с т ы р ы п ж ә р д е м д е с у ;

- шағын тиімділігі жоғары технологияларға қатысты лицензияларды, "ноу-хау" сатуды ұйымдастырудың ұтымды нысандарын пысықтау;

- әрбір жеке бөлшек шығаруға дейін технологиялық жағынан мамандандыруды дамыту, өндірісті бүгінгі талаптар деңгейінде ұйымдастыру мақсатында құраушы бұйымдарды өндірушілер мен жеткізіп берушілер ретінде шағын кәсіпорындарды ірі кәсіпорындармен кооперациялауды ұйымдастыру қажет.

3-бөлім. Нарықтық және әлеуметтік инфрақұрылым институттарын дамыту

Жеке кәсіпкерлікті институционалдық қамтамасыз ету нарықтық инфрақұрылымның шаруашылық жүргізуші субъектілердің барша құрамына қызмет етуді қолына алуға тиіс, әрі өндіріс өнімінің өтуіне, кәсіпорындар жұмысының тиімділігін арттырып, шаруашылық тәуекелін кемітетін шикізат пен технологиялар алуға жәрдемдесетін элементтерін қалыптастырып, дамыта беруді к ө з д е й д і .

О с ы ма қ с а т т а Бағдарлама:

- жеке кәсіпкерлікке банктік қызмет көрсетуді жетілдіре беру жөнінде ұ с ы н ы с т а р ә з і р л е у д і ;

- кәсіпкерлердің шикізат пен материалдық-техникалық ресурстар алу мүмкіндігін барынша ұлғайтуға бағытталған биржа қызметін кеңейту жөнінде ұ с ы н ы с т а р ә з і р л е у д і ;

- жеке сақтандыру, заң маркетинг, инвестиция, бухгалтерлік, консалтинг және басқа мамандандырылған фирмалар мен компаниялардың қалыптасуы мен дамуын қолдап отыруды, бұл ретте жеке бизнестің қалыптасуына жәрдемдесетін көмекші қызмет жүйелерін құру үшін шетел мамандарын тартуды көздейді.

шағын бизнес орталықтары нарықтық инфрақұрылымның маңызды элементі болуға тиіс, олар бизнес-орталықтар, технопарктер ретінде жұмыс істей алады. 1994 жылы республиканың әртүрлі аймақтарының ерекшеліктері ескеріліп,

шағын бизнес орталықтары қызметінің тетігі пысықталуға тиіс. Бұл орталықтар Бағдарламаны жүзеге асыру және кәсіпкерлік құрылымдар мен мемлекеттік басқару органдарының іс-қимыл бірлігін қамтамасыз ету тетігінің негізгі элементі болуы керек.

4-бөлім. Сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік қолдау

Кәсіпкерлікті қолдау саласындағы мемлекеттік саясат салық пен кедендік реттеуді жетілдіру мен тұрақтандыруға, шетел инвесторларына қолайлы жағдай туғызуға, шет елдік техникалық көмекті пайдалануды ретке келтіруге және сыртқы экономикалық қызмет субъектілерінің бәріне бірдей тең жағдай жасауға бағытталуға тиіс.

Осы мақсатта:

- кәсіпкерлердің шетелдік әріптестерімен іскерлік байланыс орнатуына және бірлесіп бизнес ұйымдастыруына жәрдемдесу;
- шет ел кредит желілерінде шағын және орта бизнесті дамытудың басым бағыттары бойынша жобаларды инвестициялауға арналған квоталар көздеу;
- инвестициялар тартуды ынталандыратын арнаулы бағдарламалар әзірлеу ұсынылады.

5-бөлім. Кәсіпкерлік құрылымдар үшін кадрлар даярлау мен қайта даярлау

Бағдарлама:

- оқытушы кадрлар даярлау мен қайта даярлау үшін;
- кәсіпкерлік құрылымдарда жұмыс істейтін кадрлар даярлау мен қайта даярлау үшін;
- оқу және ғылыми орталықтарында, компанияларда, оның ішінде шет ел компанияларында оқу мен тағылымдама алу үшін сынақтан өткізу және конкурстық іріктеу жүйесін әзірлеу үшін оқу-консультация орталықтарының желісін ұйымдастыруды және мемлекеттік емес білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуды көздейді.

Халықаралық техникалық көмек шеңберінде жеке кәсіпкерлерді шет елдерде оқыту квоталарын анықтау қажет.

6-бөлім. Кәсіпкерлікті ақпараттық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету

Кәсіпкерлікті ақпараттық және ғылыми-методикалық қамтамасыз ету үшін Бағдарламада:

- ақпараттық орталықтардың кең желісін жасау арқылы ұйымдастырушы-өкімші, нормативтік, статистикалық, ғылыми-әдістемелік, конъюнктуралық кіші жүйелілерді қамтитын ақпараттық қамтамасыз ету және қызмет көрсетудің орталықтандырылған жүйесін қалыптастыру;
- көрсеткіштердің оңтайлатылған схемасы бойынша есеп беретін жеке

кәсіпкерлік субъектілерінің бәрінің статистикалық жағынан толық қамтылуын қамтамасыз ету және жеке кәсіпкерліктің түрлері, экономика құрылымындағы орны, мемлекеттік қолдауды пайдалануының тиімділігі жөнінен статистикалық талдау жасауын жүзеге асыру;

- оқу құралдарын, оның ішінде шет елдің бейімделген оқу-әдістемелік материалдарын әзірлеп, бастырып шығару;

- кәсіпкерлердің шаруашылық-қаржы қызметін реттейтін қолданылып жүрген заңдар және нормативтік актілердің пакетін бір орталықтан бастырып шығаруды жүзеге асыру көзделеді.

7-бөлім. Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау жүйесін жетілдіру

Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың тиімділігін арттыру мақсатында бағдарлама кәсіпкерлікті қорғау және қолдау үшін мемлекеттік басқару органдарының құрылымын жетілдіре беру, олардың мемлекеттік емес кәсіпкерлік одақтармен, бірлестіктермен өзара іс-қимыл бірлігін жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірлеуді көздейді. Мүдделі тараптардың /Үкімет, кәсіподақтар, кәсіпкерлер/ қатысуымен Әлеуметтік-экономикалық кеңес құру белгіленіп отыр.

Бағдарламаның белгіленген қағидаларын ойдағыдай жүзеге асыру үшін, Кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту жөніндегі Мемлекеттік комиссия әртүрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдармен бірлескен тығыз іс-қимыл жасайды.